

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ТУМАСЫ»



«Екеу». Осы «Екеу» деген лақап атпен қазақ прозасының жұлдызына айналған Жүсіпбек Аймауытов пен заңгер жазушы Мұхтар Әуезов іргетасын қалаған «Абай» журналы 1918 жылдың ақпан айынан бастап Семейде жарық көре бастады. Басылым ағартушылық бағытты ұстанды. Тұлғаға арналған қазақтың тұңғыш журналдарының алдыңғы қатарында болды. Журналда Абай ақынның шығармашылық жолы мен өмірі сипатталып, бүркеншік аттармен түрлі мақалалар жарық көріп отырды.

Журналда шығарушы редакторлардан басқа Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, С.Денентаев, Ғ. Қарашев, С.Садуақасов, Х.Досмұхамедовтардың өлеңдері мен публицистикалық мақалалары жиі жарияланды. Алайда қазақтың қос мықтысы редакторлық еткен «Абай» журналының шығуы ұзаққа бармады. Алашорда үкіметі құлаған соң, «Абай» журналы да 1918 жылғы қарашадағы соңғы 11 санынан кейін жабылып қалды. Десек те, Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы қайта шыға баста-

ды. Биыл тура 30 жыл толып отыр.

Семей қаласында жарық көріп, еліміздің түкпір-түкпіріне тарайтын республикалық «Абай» журналы көптің ықыласына бөленіп, әдебиет сүйер қауымның сүйіп оқитын басылымына айналғаны сөзсіз. Сонау 1992 жылы жауапты хатшы қызметін атқарып, кейіннен, 2003 жылдан бас редакторы болып, осы күнге дейін тұяқ серіппей қызмет етіп келе жатқан Абай жерінің тумасы, ақын Мұратбек Оспановтың есімі оқырман қауымға жақсы таныс.

Сәуір айының 8-жұлдызында руханият өлкесі - Абай ауданының Қарауыл ауылында зиялы қауым өкілдері бас қосты. Аудан басшысы Н.Абдыкаримов пен М.Толғанбаев, М.Оспанов, Е.Лдибаев, Т.Аманғазыұлы, А.Қадыров сынды ел азаматтары халқын даналық пен ізгілікке бастаған ұлы ақынның Қарауылдың қақ ортасында тұрған ескерткішіне тағзым өтіп, гүл шоқтарын қойды.

Осы күні Республикалық «Абай» журналының қайта шыға бастағанына

30 жыл толуына және қасиетті Абай елінен шыққан азамат, мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин төсбелгінің иегері, Абай ауданының құрметті азаматы, ұлылар елінің абыройын асқақтатып жүрген белгілі ақын, республикалық «Абай» журналының бас редакторы Оспанов Мұратбек Қабиденұлының 60 жас мерейтойына орай «Абай» журналы – тәуелсіздіктің төл тумасы» атты мерекелік кеш өтті.

Рухани шараны Абай ауданының әкімі Нұржан Абдыкаримов ашып, Мұратбек Қабиденұлына жылы лебізін білдірді. Нұржан Оразбекұлы ақынға өзінің және Абай елінің атынан алғыс хат табыстап, сый-сияпат жасады. Айтулы шараға арнайы келген қонақтар Шөкерім университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Қадыров, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Абай ауданының Құрметті азаматы Т.Жанғалиев, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, Абай ауданының

Құрметті азаматы Т.Аманғазы, қаламгер, ҚР мәдениет саласының үздігі Ө.Мырзақасым сынды зиялы қауым өкілдері «Абай» журналы, ақын Мұратбек Оспанов жайында сүбелі ой, салмақты сөз айтып, жан тебіреністерін жеткізсе, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің Төрағасы Б.Исабаев, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ақын Б.Жақып бейнежазба арқылы ақынды мерейтойымен құттықтады.

Тағылымдық шарада ұлы ақынның өңдері шығарылды. М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындар сыныбының оқушылары Мұратбек Оспановтың өлеңдерін және ақын ағаларына арнаған өз өлеңдерін оқыды.

Кеш барысында көрермендерден сұрақтар да түсті. «1992 жылдан бастап қайта жалғасын тапқан «Абай» журналы ұлы ақын жайында көптеген мақалалар ұсынатын. Кейіннен басқа да тақырыптар журнал бетінде көрініс таба бастады, менісін ашып айтасыз ба?» деген сұрақ қойылды. Мұратбек Қабиденұлы еңбек жолындағы түрлі бұралаңдар мен кедергілерді, сондай-ақ қызыққа толы сәттерді еске ала отырып: «Абай» журналы аты атап тұрғандай қазақтың ұлы ақыны Абайдың дәріптеуге арналған журнал болып ашылғаны рас. Десек те, журнал бетінде өзге де тақырыптағы мақалалардың жариялануы республикалық деңгейде жарық көріп жатқан басылымның оқырмандарымыздың қазақтың әдебиетіне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімін қайта оятуына септігін тигізеді деген сенімдеміз», - деп жауап қайтарды. Ал «Сіз ақынсыз, шабыттың шалқарында жүретін адамсыз, журналдың редакторлық жұмысы шығармашылығыңызға кедергі келтірмей ме?» деген сауалға: «Редактор мықты идеяның авторы болу керек», - деп ұтымды жауап қайтарды.

Саликалы әңгіме өрбіген рухани шараның соңында ақын Мұратбек Оспанов жерлестеріне ыстық ықыласы мен ақ тілегін білдіре отырып, өзінің жырларынан оқып берді.

Абайдың немере туысы, «Абай ауданының Құрметті азаматы», еңбек ардагері Манатай Балтақайұлы ақынға ақ батасын берді.

Гүлім ЕРБОЛОВА,
«Семей таңы»